

Келісемін: 

№35 «Шұғыла» бөбекжайының
әдіскері Калдышева Н.З.

Бекітемін 

№35 «Шұғыла» бөбекжайының
Менгерушісі М.А. Жаленова Ж.Ж.



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2023 – 2024 оқу жылына арналған
қазақ тілі пәнінен ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары
«Балдырған» ересек тобы**

Қазақ тілі пәні мұғалімі: Есенгелдиева Д.А

«Балдырған» ересек топтары

Балалардың жасы : 4 жастағы балалар

№	Уақыты	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтиже
1	Қыркүйек	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Қазақ тілінде айтылған сөздерді мұқият тыңдауға, дұрыс айта білуге және ол сөздерді есте сақтауға үйрету. Сөз ішіндегі қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру. Сөйлеу және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және айқын дикцияны дамыту.</p> <p>Сөздік қор: Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, түстерді қайталау, бекіту. 4-5 сөзден тұратын сөйлем айту; қоршаған ортада жиі қолданылатын тұрмыстық заттар, жемістер, көкөністер туралы білімдерін кеңейту; күнделікті өмірде таныс сөздерді қолдануға үйрету.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы: Сөйлеуде зат есімдерді жекеше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру. Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу: Өз ойын анық, нақты жеткізуге, сөйлеуде жай, жайылма сөйлемдерді қолдануға, күнделікті өзінің қатысуымен болып жатқан оқиғаларды айту дағдысын қалыптастыру.</p>	<p>Сөз ішіндегі қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын дұрыс айтады.</p> <p>4-5 сөзден тұратын сөйлем айтады; қоршаған ортада жиі қолданылатын тұрмыстық заттар, жемістер, көкөністер туралы біледі.</p> <p>Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізе біледі. Өз ойын анық, нақты жеткізеді, сөйлеуде жай, жайылма сөйлемдерді қолданады, күнделікті өзінің қатысуымен болып жатқан оқиғаларды айту дағдысы қалыптасты.</p>
2	Қазан	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді дамыту.</p> <p>Сөздік қор: 4-5 сөзден тұратын сөйлем айту; күнделікті жиі қолданылатын тұрмыстық сөздерді, азық- түлікке қатысты сөздерді (нан, шәй, жұмыртқа, сусын, дәмді, ащы т.б), ыдыстар(кесе, қасық, тәрелке, шанышқы, шәйнек т.б) айту. Тақпақтар жаттауға баулу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы: Сөздерді септеп қолдана білуге үйрету.</p>	<p>4-5 сөзден тұратын сөйлем құрастыра біледі; күнделікті жиі қолданылатын тұрмыстық сөздерді, азық- түлікке қатысты сөздерді біледі, ыдыстар атауын біледі. Тақпақтар жаттайды.</p> <p>Сөздерді септеп қолдана біледі.</p> <p>Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізеді.</p>

		<p>Байланыстырып сөйлеу: Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.</p>	
3	Қараша	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту. Сөздік қор: Жаңылтпаштар жаттатқызу, жұмбақтарды шешкізу. Тілдің грамматикалық құрылымы: Сөздерді септеп қолдана білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу: Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдермен жауап беруге үйрету.</p>	<p>Ересектердің көмегімен жаңылтпаштарды жатқа айта алады, жұмбақтарды шеше алады; Сөздерді септеп қолданып, сол сөздермен сұраулы, лепті, хабарлы сөйлем құрай алады.</p>
4	Желтоқсан	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді дамыту. Сөздік қор: Қоршаған ортадағы тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы: Сөздерді тәуелдеп қолдана білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу: Өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата білуге және дұрыс жауабын ұсынуға мүмкіндік беру.</p>	<p>Суретке қарап тұмыстық зат атауларын атай алады; Тұрмыстық зат атауларын тәуелдеп қолдана алады; Түрлі балалар әрекеттерінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіреді және дәлелдейді.</p>
5	Қаңтар	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Қазақ тілінде айтылған сөздерді мұқият тыңдауға, дұрыс айта білуге және ол сөздерді есте сақтауға үйрету. Сөз ішіндегі қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру. Сөздік қор: Жануарлардың, төрт түліктің атауларын түсіну және айтуға дағдыландыру; Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыру;</p>	<p>Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде дұрыс әрі анық атайды; Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын біледі, төрт түліктің төлдерін дауыстап шақыра алады.</p>

		<p>Төрт түлік пен жануарларды қалай шақыратынын түсіндіру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы: Сөздерді септеп қолдана білуге үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу: Бір-біріне «неге?», «не үшін?» деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға мүмкіндік беру.</p>	
6	Ақпан	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту.</p> <p>Сөздік қор: Туыстық қарым-қатынасты білдіретін сөздерді үйрету; Өзінің отбасы, отбасындағы қызықты оқиғалар, отбасылық мерекелер туралы айтуға баулу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы: Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен жасалған «емес» шылауын қолдана білуге үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу: Балалар бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру.</p>	<p>Туыстық қарым-қатынасты білдіретін сөздерді айта алады; Өзінің отбасы, отбасылық мерекелер, отбасындағы қызықты оқиғалар туралы айтады; Әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлейді.</p>
7	Наурыз	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айта білуге, ол сөздерді қолдана білуге үйрету. Сөздегі қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру.</p> <p>Сөздік қор: Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлердің іс-әрекетіне, бейнесіне баланың өз ой-пікірін білдіруге баулу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы: Үлгі бойынша жай және жайылма сөйлемдер құра білуге үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу: Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға үйрету.</p>	<p>Кітаптан шығарма кейіпкерлеріне жанашырлық танытады, кейіпкерлердің іс-әрекетіне, бейнесіне баланың өз ой-пікірін білдіреді, шығарма кейіпкерлерінің бейнесін сахналық қойылымдарда жеткізеді;</p>
8	Сәуір	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</p>	<p>Ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен</p>

		<p>Сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді дамыту.</p> <p>Сөздік қор: Шағын өлеңдер, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштар жаттатқызу, жұмбақтар шешкізу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы: Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу: Ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға үйрету.</p>	<p>сипаттайды;</p> <p>Санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарға шағын өлеңдерді жатқа айта алады.</p>
9	Мамыр	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Күнделікті өмірде қазақ тіліне тән дыбыстарды жеке, сөз ішінде анық әрі дұрыс айтуға үйрету;</p> <p>Сөздік қор: Тыңдалған шығарма кейіпкерлерінің бейнесін сахналық қойылымдарда жеткізе білуге, еркін ойындарда кейіпкерлердің бейнесін басқа қырынан көрсете білуге мүмкіндік беру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы: Сөздерді жіктеп, септеп, тәуелдеп қолдана білуге үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу: Берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.</p>	<p>Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолданады;</p> <p>Тыңдалған шығарма кейіпкерлерінің бейнесін сахналық қойылымдарда жеткізе біледі, еркін ойындарда кейіпкерлердің бейнесін басқа қырынан көрсетеді.</p>

Бауланлы
Неміргенді

« 31 »

02.3.101

